



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорда қаласында салынған білім ордасына барып, жұмыс барысымен танысты. Құрылыс алаңына облыстық мәслихат хатшысы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасарлары, жауапты басқарма басшылары мен қала әкімі барды.

АЛҒАШҚЫ «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАҚЫНДА АШЫЛАДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 25 ЖЫЛ ДАҒҒЫЛЫ КЕҢЕЙТІЛУДЕ

Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылы қолданысқа берілгені де бірнеше жылдың жүзі өтті. Әйтсе де, қала сыртын айналып өтетін үлкен жол бойында кептелістердің көптеп орын алғаны да көз көріп жүр. Өйткені, арнайы техникалар мен ауыр жүк көліктері, ауыл шаруашылығы техникалары жүре қалса, жеңіл көліктерге озып өту – қауіпті. Себебі бұл жолда бар болғаны бір-біріне қарсы бағытта екі автокөлік қана өте алатын. Аймақ басшысының қолдауымен қаладағы басты жолдар мен көшелердің аясын кеңейту қарқын алды. Сол байыпты бастамалардың бірі – біз айтып отырған жолдың кеңейтілуі. Бұл жұмыс 27 тамыздан басталды. Ұзындығы 6711 метрге жететін даңғыл екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстырылады. Жұмысты атқарушы мекеме – «УАД» ЖШС.



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ



Қазір мектеп құрылысы аяқталуға жақын, таяуда ел игілігіне табысталамақ. Сол жағалаудағы заманауи ғимарат 900 орынға арналған. Айта кетейік, ұлттық жобамен Қызылорда облысында 2025 жылға дейін 15100 орынға арналған, құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп бой көтереді деп жоспарланған.

Жайлы мектеп ауыл-аймақтар мен қалаларда бірыңғай стандартпен салынады. Басты ерекшелігі, бастауыш пен жоғары сынып оқушылары екі бөлек блокқа білім алады. Балалардың қауіпсіздігі үшін әр блокқа бейнебақылау, дыбыстық хабарлау сынды күшейтілген қауіпсіздік құрылғылары орнатылмақ.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, шығармашылығын шыңдауға да лайықты жағдай жасалады. Бұл білім ошақтарында физика, химия, биология және робототехника сыныбы заманауи құралдармен жабдықталады. Жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылып, сыныптарға touch-экрандар қойылады. Бұдан бөлек, ерекше балалардың білім алуына да бар мүмкіндік жасалады. Оқушылар мектеп қабырғасында спортпен еркін айналыса алады. Жайлы мектептің жобалық қуатына сәйкес бірнеше спорт залы болады. Мұндай мектепте тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қолайлы жағдай жасаламақ. Білім ошағына қатынайтын қоғамдық көліктен, жаяу жүргіншілер жолынан, жарық бағаналарынан мәселе туындамайды.

Аймақта салынатын жайлы мектептердегі құрылыс барысы облыс әкімінің жіті бақылауында. Нұрлыбек Машбекұлы құрылысты мерзімінде аяқтаудың әрі сапалы етіп салудың өте маңызды екенін тағы да қатаң ескертті.

«Ақмешіт-ақпарат»

УӘДЕ

Ауылды дамытуда тұрғындармен бірлесе жұмыс істейміз



ҚЫЗЫЛЖАРМА
АУЫЛЫ

Ғасырға жуық тарихы бар Қызылжарма ауылдық округі – бүгінде заман көшіне ілескен іргелі елді мекеннің бірі. Қала іргесінде орналасқан бұл ауылды басқару былтыр Шәріп Әбдірахмановқа жүктелген еді. Содан бері ауылда нендей жұмыс атқарылды? Халыққа берген уәде орындалып жатыр ма? «Уәденің» кезекті қонағы Қызылжарма ауылдық округінің әкімі – Шәріп Әбдірахманов.

2-БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді, жеке кәсібін ашамын деген азаматтарды қолдау керектігін жиі айтады. Бұл тұрғыда түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие алуға болады. Ал мұндай мүмкіндікті қалт жібермей жеке ісін ашып, кәсіп бастағандар мемлекеттік бағдарламаның игілігін сезінуде. Соның бірі – қала тұрғыны Марат Есетов.

Кейіпкеріміз осыдан екі жыл бұрын «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту курсынан өткен. Кәсіп ашуды көптен бері мақсат еткен ол осылайша мемлекеттің көмегіне сүйенуді жөн көреді. Алдымен кәсіп бастадық, кейін оны жүргізудің қыр-сырын үйрететін арнайы курстан өтеді. Ал биыл мақсатына қадам жасау үшін 1476800 теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантты жеңіп алды.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАҒАН МАРАТ

2-БЕТТЕ



Тұрсыннай Қойшыбаева,
«Мансап» орталығы филиалының
азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын уақытша
жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы:

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ ЕКЕН ДЕП, МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ



Мемлекеттің халықтың қолына қармақ беріп, кәсіп ашуға жасап жатқан қолдауларының бірі – қайтарымсыз қаржы беруі. Ол көмекті алуға кімдер үміткер бола алады, көлемі қанша, қаржыны мақсатты пайдаланбаған жағдайда не болады?

Көптің көкейінде жүрген толғақты мәселе жайлы «Мансап» орталығы филиалының азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын уақытша жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы Тұрсыннай Қойшыбаевамен сұхбат-тасқан едік.

2-БЕТТЕ



Кибералаяқ құрбаны болудан қалай сақтанамыз?

3-БЕТТЕ

MEMLEKET ҚОЛДАҒАН МАРАТ

Кәсіпкер III топ мүгедегі. Денсаулығына қарамастан алдыға қадам басқан оның арманы биыл жүзеге асты.

– «Мемлекеттік бағдарламаның шапағаты мұқтаж жандарға да тигені қуантады. Адамға ең бастысы – еңбек пен ниет керек. Жаңадан бастаған кәсіпті одан әрі дамытсаң деймін. Алдағы уақытта цехтың көлемін ұлғайтып, қалада пластик өндірісін өркендетуді жоспарлап отырмын», – дейді «D&M Plast» ЖК иесі Марат Амантайұлы.



Кәсіп ашуға әркімнің ниеті болғанымен жүрегі дауаламайды. Ал кейіпкеріміз бұл сәттен сүрінбей өтті. Көздеген мақсатына қол жеткізіп, жеке өндіріс ошағын ашып отыр.

Қазіргі таңда кәсіпкер грант қаражатына өндіріске қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, ісін жүргізуде. Пластик есік, терезе жасау ісі оған тапсық емес. Ол бұған дейін 10 жыл көлемінде осындай өндірісте еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған. Енді сол тәжірибені жүзеге асырып жергілікті өндірістегі бәсекені арттырмақ.

Кәсіпкердің айтуынша, тәжірибенің арқасында тұрғындардың талағмы мен сұранысына сай сапалы есік-терезелер шығарылуда. Бүгінде шағын цехта 3 адам жұмыс істейді. Ал өндірісте пластикті кесу, бұрыштама жасау, үтіктеу сынды жұмыстар заманауи аппараттар арқылы жасалады. Тұрмыстық қолданыста кеңінен тараған пластик өнімдерге жергілікті тұрғындардың сұранысы жоғары көрінеді. Алайда кейіпкеріміз аптасына 3-4 тапсырыс қабылдап, өнімнің сапалы әрі уақытылы орындалуына басымдық берген.

Басы 1-бетте

А.ӘЛІМ

Тұрсынай Қойшыбаева, «Мансап» орталығы филиалының азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын уақытша жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы:

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ ЕКЕН ДЕП, МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ

– Жалпы кәсіпкерлік мақсаттағы қайтарымсыз грант қанша мөлшерде және қандай мақсатқа беріледі?

– «Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасының» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №272 бұйрығына сәйкес жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде 400 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне дейін беріледі. Гранттар кез келген кәсіп түріне 1 рет беріледі және нысаналы мақсаты бойынша қажетті еңбек құралын, мүқаммалды, технологиялық жабдықты, жануарларды, малды, құстарды, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алу, коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанының, сондай-ақ сауда ғимараттарын, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы сауда нысаны аумағында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған үй-жайларды жалдау ақысын төлеу үшін беріледі. Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

– Гранттық қаржының негізгі операторы кімдер?

– Грант алуға үміткерлердің өтініші мен бизнес-жобасын «мансап» орталығы жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттарды алуға үміткерлердің өтініштерін қарастыру бойынша комиссияның отырысына қарауға шығарады.

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалдары, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-білім беру мекемелері өкілдерінің, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, салалық сарапшылардың қатысуымен аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейінде комиссия құрады.

– Грантка кімдер үміткер бола алады? Оқу курсына қалай қатысуға болады? Өтінімді қалай беру керек?

– Мемлекеттік грант 400 АЕК-ті (1 476 800 теңге) құрайды және нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу

Басы 1-бетте



және дамыту. Өтеусіз негізде тек бір рет қана беріледі. Грант қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Грантка қатысуға атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айрылған әлеуметтік төлем алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектер, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар.

Грант алу үшін талабы – осы санаттағы азаматтар жұмыссыз немесе 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы шарт. Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуы тиіс.

Өтінім беру үшін порталға тіркелу, грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту, бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу, өтінішті толтыру және ЭЦҚ кілтпен қол қою керек.

– Әрине, осы қаражат берілетін кәсіп түріне қойылған белгілі бір талаптар бар шығар...

– Гранттар бір рет беріледі және нысаналы мақсаты бойынша қажетті еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты, жануарларды, малды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, сатып алу, коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанының, сондай-ақ сауда нысанының, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы сауда орындарының аумағында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған үй-жайларды жалдау ақысын төлеу үшін беріледі. Бұл ретте айта кететін жайт жұбайынан, жақын туыстарынан еңбек құралдары, технологиялық жабдықты, жануарлар, мал, құстар, көшеттер, бұталар, тұқымдар, көшеттер сатып алынбайды. Сонымен қатар жаңа бизнес идеяларды іске асыруға үй-жайлар жалға алынбайды. Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарызды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер телімін сатып алуға, акцизделетін өнім өндіруге берілмейді.

– Бұл қаражатты мақсатты пайдалану мәселесі әлі де өзекті екені рас. Алғашқы кезінде жасалған жасауып жіберетіндер де табылады. Бұл ретте не айтар едіңіз?

– Грант қаражатын нысаналы пайдалануды грант алушы бизнес-жобаға сәйкес порталда растайтын құжат ұсыну арқылы грант алған күннен бастап үш ай ішінде растайды. Грант алушы бизнес-жоспардың іске асырылуы барысы туралы он екі ай ішінде тоқсан сайын есеп тапсырады. Гранттардың нысаналы пайдаланылу мониторингін бақылауды еңбек мобилділігі орталығы «Мансап» орталығы арқылы жүзеге асырады.

Грант алушы гранттық қаражаттың нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылғанын немесе грант қаражатының пайдаланылмағанын растау болмаған кезде шарт жасалған күннен бастап 3 ай ішінде портал арқылы қаражатты толық ерікті түрде қайтаруға өтінім береді. Егер гранттар нысаналы мақсатқа пайдаланылған фактілер анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген шаралар бойынша сот органдарына қаржыны кері қайтаруға талап арыз беріледі. Сондықтан бұл жерде қайтарымсыз қаржы екен деп мақсатсыз пайдалануға болмайды. Оның артында жауапкершілігі бар.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

– Шәріп Әкбарұлы, Қызылжармада биыл қандай жұмыстар атқарылды?

– Қызылжармада биыл «Ауыл ел бекігі» бағдарламасы аясында 586 млн теңгеден астам қаржы қаралып, 5 көше күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті бюджеттен бөлінген 5 млн теңгеге Дүйсенбиев, Мұратбаев, Новая көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнатты. Сондай-ақ 2 млн 596 мың теңге ауылдағы балалар ойын алаңдары жөндеді. Қазіргі таңда қалалық құрылыс бөлімі арқылы 617 345,5 мың теңгеге округтегі 23 көшеге талапқа сай электр желісі жүргізілуде. Сонымен қатар округтегі М.Ермаханов көшесін қайта жаңғырту жұмыстарына қалалық бюджеттен 151 млн теңге қаралып, қазіргі таңда мердігер мекеменен келісім-шарт жасалуда. Ауылдағы санитарлық тазалық жұмыстарына 2,2 млн теңге және округтегі түнгі жарықтандыруды күтіп ұстауға 40,2 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Ауылдық округте биыл 7 айда 499 кәсіпкерлік нысаны тіркелді. Оның



мемлекеттік грант бойынша 11,8 млн теңгені құрайтын 8 жоба, «Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы бүгінгі күні 117 млн теңгені құрайтын 9 жоба бойынша комиссияға ұсынылатын болады. Сондай-

балалы және жалғыз басты 100-ге жуық отбасыға азық-түліктегі көмек көрсетілді. Ауылдағы тұрмыс деңгейі аз қамтылған 1189 отбасына мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жалпы сомасы 52863,4 мың теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Тұрғындармен ай сайын жеке қабылдау өткізілген. Оларды мазалаған мәселе бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі, назардан тыс қалмайды.

– Әкім боп келгенде халыққа қандай уәде бердіңіз және оны орындай алдыңыз ба?

– Әкім болып келген алғашқы кезде ауыл ардагерлері мен тұрғындарымен кездесу барысында көптеген мәселелер қозғалды. Сонда ауылдың инфрақұрылымын дамыту және ауыл тұрғындарының әлеуметтік қолдау бойынша көптеген жұмыстар атқару қажеттігін түсіндім. Ағымдағы жылы ауылдық округте 6 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары, 2 көшеге тас төсеу жұмыстары, 3 көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату, 2 балалар ойын алаңдарын ағымдағы жөндеу, 22 көшеге талапқа сай электр желісін тарту және тағы басқа жұмыстар атқарылды. Негізгі ұстанымым, алға қойған мақсатқа жету үшін талмай еңбек етіп, жинаған тәжірибемге сүйеніп мол табыстарға қол жеткізді. Бұл жолда ауылдық округ тұрғындарымен бірлесіп, ауызбірлікте

Ауылды дамытуда тұрғындармен бірлесіп жұмыс істейміз

ішінде 259 мал шаруашылығы, 16 шаруа қожалығы, 30 дүкен, 3 монша, 4 шаштараз, 5 көлік, 1 кондитерлік цех, 2 ауыз су өндірісі, 1 дәріхана, 1 мейрамхана, 1 асхана, 2 пластик есік, терезе, 6 тігін цехы, 5 дәнекерлеу цехы, 11 көлік тасымалы, 2 оқу орталығы, 2 АӨК кооперативі, 2 сауда саттық, 4 жеке балабақша, 143 баскада салада жұмыс жасауда. Жалпы 499 кәсіпкерлік субъектінің 1 ЖШС, 480 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы және 2 ауылшаруашылық өндірістік кооперативі бар. Ауыл тұрғындары арасында мемлекеттік бағдарлама арқылы несие алып, кәсібин дамытып жатқандар да бар. Биыл бұл бағытта «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» аясындағы «Іскер» бағдарламасы аясында 24 млн теңгені құрайтын 5 жоба құжаттарын толық тапсырып, қаражаттарын алды. Сонымен қатар, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы 3 млн теңгені құрайтын 1 жоба қаржыландырылып, 20 млн теңгені құрайтын 1 жоба комиссияға ұсынылуда. Бұдан бөлек «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны» бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған

ақ биыл «Бизнес-Бастау» оқу курсы аясында Қызылжарма ауылдық округінен 82 адам оқып, сертификат алды.

– Ауылда ауыл ақсақалдары мен қауымдастық кеңес көп нәрсені шешеді. Іс барысында олармен ақылдасасыз ба?

– Қызылжарма ауылдық округінде ауыл ардагерлерінен және кәсіпкерлерден құралған ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңесі бар. Ауылдық округте атқарылатын жұмыс, қандай да бір мәселе болсын кеңес мүшелерімен алдын ала ақылдасып, ортақ шешім шығарылады.

– Елдімекендегі «Тауықбаз» аталған фабрика жайы тұрғындардың көп жылдан бергі түйкілі мәселесіне айналып, бұл қашан шешімі табады?

– Ауылдық округте орналасқан ескі құс фабрикасы 2009 жылы өз жұмысын тоқтатып, қазіргі уақытқа дейін 46 гектар жер аумағы иесі тарапынан игерілмей отыр. Қазіргі таңда, аталған 46 гектар жер телімін Қоғамдық қауымдастық және ардагерлер кеңесінің ұсынысымен мемлекет меншігіне қайтарып, ауылдық округ әкімшілігінің жер кезектілігінде тұрған 3000-ға жуық азаматтарға табыстау үшін тиісті шаралар атқарылуда.

– Ауыл тұрғындарын айтуынша, ауылда несіз үй жануарларды көп екен. Қаңғыбас иттер мен ірі қара малының есік алдында жүруі жұртшылықты алаңдатуда. Бұған не дейсіз?



мал иелеріне учаскелік полиция инспекторлары тарапынан ескертпелер мен айыппұл салу жұмыстары жүргізілуде. Ал қалалық ветеринариялық станциясының арнайы мамандары тарапынан иесіз жүрген қаңғыбас иттерді тұрақты аулау жұмыстары жүргізіледі.

– Уәдеге беріксіз бе?

– Қызылжарма ауылдық округінің әкімі жұмысын атқарғаным бір жыл болды. Халықпен тығыз байланыста жұмыс жасап жатырмыз. Жыл басынан бері қайырымдылық, қамқорлық акциялары аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп

жұмыс істейміз деп сенемін. Ауылдық округтегі әлеуметтік, экономикалық ордагерлер кеңесі, қауымдастық кеңесі мүшелерімен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасап, жоспарларды жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ететін боламын. Оның ішінде жұмыссыздықты жою, әлеуметтік қамсыздандыру, шағын және орта бизнесті дамыту, ұрпақ тәрбиесі, білім беру саласын жақсартсам деген ниеттемін.

– Әңгімелескеніңізге рақмет!

Сұқбаттасқан А.СЕЙІЛ

ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасында Қызылорда облысы әкімдігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығына, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай «Кітап және қаламгер» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.



ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Ұлт руханияты мен мәдениетінің қарашаңырағы атанған Одақ қызметін, жетістіктерін, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмір жолын, шығармашылығын насихаттауды мақсат еткен конференцияда Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Құлженов Мереке Әблешұлы, Ұлттық кітапхана директоры Оспанова Бақытжамал Қайырбекқызы құттықтау сөз сөйледі. Оларға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қазбекова Мира Жармағмысы аймақ басшысы Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлының арнайы алғыс хатын табыстады.



Іс-шара аясында Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі Есімсейітова Қаршыға Құрмашқызы «Сыр елінде қазақ әдебиетінің бастау алуы» тақырыбында баяндама жасады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы, драматург Дулат Исабеков және жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығы жайында естеліктер айтты.

Ұлттық кітапхана қорына Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Сыр өңірі ақын-жазушыларының кітаптарын сыйға тартты.

Конференция қатысушылары «Жыр-әннің елі, Тұранның төрі – Сыр елі» атты Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдық тарихи кезеңдерін қамтитын, Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап және архив құжаттарының көрмесімен танысты. Ұлттық кітапхана қорынан ұйымдастырылған «Жазушылар одағының құрылғанына – 90 жыл» атты және қазақстандық фотожурналистиканың негізін қалаушылардың бірі, белгілі фототілші Сайлау Пернебаевтың архив қорынан алынған фотокөрмелерді көрді.


Қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған рухани-мәдени шаралар өңірімізде де, туған жерінде де өткізіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Шындықпен ғана жазады жүртінің жарасын



Өлеңдерінде өрлік бар, тұтас қазақ сиятын кендік бар. Ақын деген аңғал елдің әрбір туындысында осындай бір аламан тұрады. Сыр тұнады. Мөл-мөлір, тұңғыш сезімге тап боласың. Бірде Отанды сүйсең, бірде анадң сағынасың. Ал бірде хор қыздай сұлу аруды құшасың. Сырдың сырбыз перзенті Ақтілек Бітімбайдың өлеңдерінде осындай ерекшелік байқалады. Қаламын қасынан тастамайтын жас журналист әрі ақынның бірнеше өлеңін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Редакциядан.

Жыр:

Экспромт

Қайда жүрсің, келешек келіншегім?
Елендеумен күтіп жүр елің сенің.
Өмірдің өзгерте мәңгілікке,
Көңіліңді түсірме, көңілшегім!

Кеткендей көктер жерге жаһұт түсіп,
Бак-айдың жетейік бақыт құшып.
Асықпай-ақ қояр ем үйленуге,
Барады күннен-күнге уақыт қысып.

Шықпайтының білсем де ардан бүлік,
Мазалайды жанымды жалған күдік.
Жана жылда жарқырып шок жұлдыздай,

Жарығым-ау, шықсаңшы алдан күліп.
Жүздекенде көрерсің сезіп, біліп,

Қояды әлі сөзімді көз ұқтырып.
Жолықтыра ма екен-ай айда бізді,
Өлде күнде қоя ма кезіктіріп?

Ең бастысы, болмасын күйік, нала,
Той жасаймын халқымды жиып дара.
Ерте үйіме кел енді еркелемей,
Өмір бойы өтейін сүйіп қана.

IV ЦИКЛ:

Өкінбен өткен күнге өзіңді аңсап,
Келгенше қалатұғын кезім қаусап.
Жат па еді жүрегіме мен айтқан сөз?
Тәтті еді саған деген сезім бар сөт.

Ақ жүзің аппақ еді таң шығындай,
Ақтарыла айтушы ем жан сырмды-ай.
Ерітін апаратын сан қиялға,
Елітін еріндерің бал-шырындай.

Бейуақ біреу атыңды атағанда,
Жаңылысам сөзден де, нотадан да.
Қиылғаның сыйлады-ау талай шаттық,
Бұйырғаның қинады-ау жат адамға.

Ес-түссіз ғашық еткен жан ең мені,
Жиылса да сұлулар бар елдегі.
Сен сүйген жан әйтеуір біле ме екен,
«Бақытты адам» екенін әлемдегі?

Сені қосып тілеген талай дұға,
Естелік менің үшін әр ай мына.
Бәрін артта қалдыр да, гүлім менің,
«Бақытты бол» енді сен жарайды ма?

Ай-хай, 27!

Иланып жалғыз Құдайға,
Өтуде сырғып жат, ай да.
Бір жасқа бүгін есейіп,
Шомдық-ау тағы бір ойға.

Есейсең өзі ес кіріп,
Қыз үйіне құлақ бес түріп.
Көтеріп туын сезімнің,
Жортуылдайсың ғой кешкілік.

Демеймін жан жүр жолықпай,
Сенетін және толықтай.
Енетін шығар өмірге,
Келетін шығар қорықпай.

Жету сол ойың сүйгенге,
Ал үйің басады («сүйленге»)
Құдайдан бұйрық болғанша,
Түссесің солай күйбенге.

Қайтемін босқа асыға?
Бақыт – тіледім басым.

Қонатын бағың ерте-кеш,
Қарамайтын шығар жасыңа.

Солай, 27!

Бақыт деген...

Бақыт деген – сенің бір сәт күлгенің.
Уақыт деген – сенің ғана үр демің.
Дәрменім де сені ойлаумен таусылды,
Осы – айтарым бар менің.

Сенің жүзің – бәрін де әдемі,
Сенің сертің – бәрін де кәделі.
Жаңылыспай тапқаным да жол саған,
Сен болар ең көптен күткен жан емі.

Еске салып қызыл іңір, таңғы арай,
Сені ойласам, нұрланардай бар маңай.
Бірақ түнде әкетеді неге екен?
Сен туралы ойларымды қармап Ай.

Күтем енді сендей жанды, ал, қанша?
Кейінгі ме? Өз бақыт боп сол қоспа.
Қазір тартып кетер едім, бірақ та,
Саған қарай апаратын жол болса.

Этюд

«О-о-о, Туған жер,
намағайлы бұлттарың – тауларыңның
көкпары...»

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМОВ

Жетегінде жегі бұлт, самал керім,
Тыншыттар ма көңілді алаң небір?!
Қараша ауыл басынан бұлт ауады,
Бұлттай көшер соңынан санам менің.

Еске түссе балаң шақ, балғын дәурен:
Ертегі айтқан анашым, алдында – мен.
«Жауынды күн аспаннан нұр жауады», –
дегенді естіп, отырам жанбырда әрен.

Нұр қалқымақ ниетте, жайды ұстамақ,
Жүгіремін, содан соң «қай тұсталап».
Жалаңаяқ қыр кезіп енгігемін,
Жанбыр жуған жүзімнен жалқын тарап.

Көрген адам кейір ме, қоштар ма еді?
Айтары бар бәріннің қосқан мені:
«Боранды күн құтырар ит пен бала.
Болмашыға немене тасқан енді.

Бұл баланың әдеті қала ма екен,
Жанбыр жауса, жүгірер алабөтен», –
деп күбірлер көрші карт жарты дауыс
өз-өзінен айтатын шағымды әрен.

Есітсем де жөн-жөнсіз қаралай тым.
Шырмауы бір шешілмей шалағай күн.

Түсімде де көремін нұрды жауған,
Алақаным тиетін соған айқын.

Көрген нұрға бәрін де сендірмекке,
Сендірмекке, әлемді көндірмекке.
Құлшынамын, келер күн қуана айтып,
Жаксылықты, мейірді енді көпке.

Содан бері таусылып жиі тағат,
Уақыт өтті қаншама Ие қалап.
Арман қуып ауылдан алыс кеттім,
Көрші карт та кеткен-ді түйе қарап.

Бақыт қонған құт қоныс — көп тұрағы,
Туған ауыл, балалық өтті тағы.
Жөңкіген жалбыр бұлтты көрген
сайын,

Жаланақ жүгіргім кеп тұрады.

Анама!

Ана, әлі-ақ жеткізем арманыңа,
Өзің барда өмірде бар мағына.
Өнімде атың қалсыншы мәңгілікке,
Өрейін өленімнің тармағына.

Түн ұйқысың төрт бөліп бала баққан,
Ақтаймын үмітінді маған артқан.
Бір бақыттың белгісін білдіргендей,
Әне, бізге қарайлап барады ақ таң.

Анашым, қалады артта мұңды күйің,
Көресің, серпіп тастар түн күйің.
Бір бақытқа жетеміз біздер әлі,
Шаттыққа айырбастап күнді қиын.

Тілші

Қалқаны – қағаз, қару қып алған

Тілшілік деген тірлігі емес шаланың.
Ағаның қамын ысыра салып шын істе,
Сөзін сөйлейді ол қараның.

Айнала алуан берсе де мейлі дерегің,
Сене салмайды, сүзіп алады керегің.
Аз ба, көп пе, саз жазады олар бастысы,
Мақаласының есептемейді көлемін.

Мәселенің де ажыратады дұрыс,
бұрысын.
Тіршіліктің де ашады солай тынысын.
Жүрегін жұртқа жақын ұстайды
тілшілер,
Арынан ғана теріп алады ырысын.

Кезелі ол ауыл, елдің де әрбір қаласын,
Қиын демейді, қашық демейді арасын.
Тыншымайтының біледі сі бітпесе,
Шындықпен ғана жазады жұрттың
жарасын.

Осыдан кейін қарайды оған сынай кім?
Ақиқаты оның дұрыстығындай күн, айдың.
Әр елге мынау, әлемге мынау тілшілер,
Әділдік үшін жібергені ғой Құдайдың.

Жерұйық

Бала күндердің бейнесін,
Көрсеттің өзің қыраттан.
Алыстап кетсем сені ойлап,
Сағынып жетем жырақтан.

Құшағын ашқан ұлына,
Ақсуат – сенің бақ мекен.
Әлемнен мынау апыр-ай,
Кім сені іздеп тапты екен?

Нәр алып әрбір гүліңнен,
Қаламын барсам марқайып.
Кендігін көрем қазақтың,
Төрінде жатып шалқайып.

Ақтарсақ тарих дәл мұнда,
Желмая шөкті боп бекем.
Ақсуат, сен ғой жерұйық,
Асанқайғы қайда кетті екен?

АҚСУАТ

Ақсуаттың жері ыстық көкте күннен,
Адамдары текті, асыл шеттерінен.
Жусан иісін иіскен тау тұлғалар,
Өзіңнің шығып еді шекпенінен.

Дауыл тұрса көрініп, дала мұңды,
Шаң көмкеріп алатын балағымды.
Алтын қазық өзіңсің оралтатын,
Естелікті еске сап бала күнгі.

Күннің көзі сәтте бір көтерілген,
Оқышының қой өріп етегінен,
Сырдарияны асқызып арнасынан,
Көп арманның кетуші ек жетегімен.

Домбыраның жыр төгіп шаңағынан,
Көкке өрлеген мен едім бала қыран.
Сыр мекенім өзіңсің – Ақсуатым,
Ұлының жыр туғызған қаламынан.

Құт бітіріп әр басқан қадамдарға,
Сенде өскен жан, сеп таппас алаңдарға.
Алынбайтын биік пен белес жоқ-ау,
Оқышыдан аса алған адамдарға.

Атойлап естілсе де айдан дүбір,
Кіндігім бір өзіңге байланды бұл.
Туған ауыл Ақсуат бір өзіңді,
Жырлауға бұл жетсе екен қайран ғұмыр.

Ақтілек БІТІМБАЙ

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

Таң қылаң бере тірлікке кірісеміз.
Әкемің ыңыранған газигінің роліне
отырғанын анаман бастап, үйдің кішісі
маған дейін тағатсыздана тосамыз. Ауыл
іргесіндегі Құлболды Ишан мазары-
ның түбіндегі канал жиегінен ашылған
бақшалықта маңдай терімді төгеміз.
Жыл сайынғы көктемгі қарбалас осында
өтеді. Одан кейін күздегі өнім жинауға
дейінгі қызмет – менің мойнымда.

– Балам, – деді бірде әкем көліктен
түсіп жатып. – Сен өзіңнің бүтінгі
меженді байқалдың ба?

– Әрине, әке. Алдымен үлкен
каналдан су жығамын. Ол мына кіші
арыққа толамын дегенше, картопты
отаймын. Одан кейінгісін уақыт көр-
сетер. Бірақ күнделікті күйбеңім бас-
талды ғой, – дедім бұртнып.

Сондағым Пәшен апамның немересі
Сейдахмет пен Әлди көкемің баласы
Ержанға еріп, доп теппегенім. Таң
азаннан кара кешке дейін кара сирақ
болып, су кешіп балық аулағаным.
Соған ренжіңкіреген түрім... Әкем жай
ғана жымиды.

– Ертең өлемін деп, бүгін өмір сүр.
Менің саған айтар бар ақылым – осы.
Ойнап та, тойлап та үлгересің, – деді.

Оның болмысы солай. Бала көріп,
еркелетіп, балаша сөйлемейтін. Қалай
бар, солай айтады. Жасы қырықтан
асқанда өмірге келген кенже қызынан
басқаға мейірленгенін байқамаппын.
Әкемнен түйген бірінші ақылым осы
еді...

ӘКЕМНІҢ ҮШ АҚЫЛЫ



алғашқы ақылы не істесең де, маңдай
терінің, енебіңнің жемісін жейсіңмен
ұлтаса кетті. Абай тәрізді «Еңбек
етсең, емерсің» деген жоқ, оны жай ғана
тапсырмасымен көрсетті. Бұл – менің
алған екінші ақылым.

Осылайша бір ғана маусымда бақ-
шаның қыр-сырын әкем алыста жүріп-
ақ үйретті. Өзі жұмыста болғанымен
тапсырманы береді, мен тап-тұйнақтай
орындаймын. Күндердің күнінде бақ-
шалықтағы қауын-қарбыз пісіп, аға
бастады. Күнделікті апарған төрт-бес
қауындыма да үй жақтағы балалар жей-
ді. Ал әкем олардың жегеніне маз. Бірде
бірнеше шақырымнан мойынға салып,
аркалап келетін қауынның бірде-бірін
өздері кесіп жемейтініне шағым айттым.

– Әке, мен сіздер жесін деп аркалап
келемін. Ал сіз оны таратып жібересіз.
Тым құрыса, дәмін татпадыңыздар. Ал
балалар жегісі келсе, ертен бақшалыққа
алып кетейін. Қалағанын жұлып жейді, –
дедім ашулы кейіппен.

Ол бетіме қарап, жымнып тұрып:
– Кең болсаң, кем болмайсың, балам.
Сен қапа болма, – деді.

Бұл – әкеден түйген үшінші ақылым.
Маған өмірлік азық болып, әркез
алдымнан шығып келеді. Кейде біреуге
көмектесіп жіберсең, өзіңнің несібенің
қалай артқанын білмей қаласың?! Ал
кейде бақай есепке жүгініп кетсең, өзің
опық жейсің. Ал маңдайың терлемей
тапқан пайданың қайда кеткенін өзің
де білмей қаласың.

Әкемің ақылын алып, өмірдің мек-
тебін де көп нәрсе үйреніп келемін.
Ойымда өлен өрби түсті, ал мен қалам
алып, қағазға түсірдім.

Еңбектен де қайтпайтын,
шаршамайтын,
Өзінде жоқ нәрсені аңсамайтын.
Қарапайым, енебіңнің адамы еді...
Қолыңан кетпеген еш тастамайтын.

Енебіңнің ісі аңқитын жейдесінен,
Төгіліп тұратын-ды бар несібем.
Әкеме ұқсап, кей-кейде тер төгемін,
Қалғым келмей заманның тар
көшінен.

Мен үшін ғұлама еді, ой данышпан,
Талай сөзі қалыпты ойдан ұшқан.
Әкемің кетпеген де тат басыпты,
Шығып қапты жарықтық
қолданыстан.

Шығардым да тасадан қайрап алдым,
Сәл ұшықны мазалап бойдағы
ардың.
Қалам ұстап жүріпін көп уақыт,
Кетпен ұстау керегін ойландым.

Толғауы тоқсан тіршіліктегі өмір
мектебі ешқандай үйретерін тоқтатқан
емес. Кейде ақыл сұрайтын жан таппай,
көкке қараймын. Балкім, тағы бір тап-
сырмаларыммен мені шындай түсер ме?!
Кім білсін?!

Дәулет ҚЫРДАН

Меншік ісесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,
деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі
ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3514 Тапсырыс №1414

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА